



**Автор:** Туретаева Жазира Сардаровна

**Предмет:** Қазақ тілі

**Класс:** 2-сынып

**Раздел:** Менің мектебім

**Тема:** Менің қаламым

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	2.1.5.1.тыңдау-көру материалдағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау 2.1.3.1.тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/ суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру. 2.5.1.1 .мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/санын/іс қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша қолдану
Сабақтың мақсаттары	<b>Барлығы:</b> заттың атын/ сынын/санын/іс қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша қолданады <b>Көбі:</b> иллюстрация/ суреттер/сызбалар таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді <b>Кейбірі:</b> тыңдау-көру материалдағы оқиғаларды түсінеді, сұрақтар қояды және сипаттайды
Күтілетін нәтиже	Түс атауларын меңгереді. Диалогті толықтырады.
Жаңа сөздер	Түс, қызыл, жасыл, сары, ақ, қара, көк, күлгін.
Оқыту әдістері	Түсіндіру, сұрақ- жауап, салыстыру, диалог, «Шаттық шеңбері» тренингі, жұптық жұмыс, «Жағымды сөздер» тәсілі, сергіту сәті.

### Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (3 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды шаттық шеңберіне тұрғызамын. Бәрі жақсы баланың, Тілін алған ананың. Бәрі жақсы баланың, «Беске» оқыған сабағын.	Мұғаліммен бірге қайталайды. Бір-біріне жақсы тілектер айтады.
Өткен сабақты тексеру (5 мин)	Сенің қандай оқу құралдарың бар? Сөмкеге не саласың? Қаламсауытқа не саласың? Мектепке не апарасың? Не апармайсың? Сенің қаламың қандай? Дәптерің жұқа ма? Кітабың қалың ба?	Сөздерді қайталайды. Сұрақтарға жауап береді.
Қызығушылықты ояту (3 мин)	«Ғажайып түстер» бейнежазбасын көрсетемін	<a href="https://bilimland.kz/ru/courses/podgotovka-k-shkole-vpered-malysh/detskie-pesni-na-kazaxskom-yazyke/lesson/turlituster-cvetnaya-pesnya">https://bilimland.kz/ru/courses/podgotovka-k-shkole-vpered-malysh/detskie-pesni-na-kazaxskom-yazyke/lesson/turlituster-cvetnaya-pesnya</a>
Мағынаны тану ЖВЗ оқушы үшін карточка дайындау (25 мин)	1. Сөздік жұмысы. Тыңдалым. Оқылым. Айтылым. Сөздерді оқимын, қайталау жұмыстарын жүргіземін: түс, қызыл, жасыл, сары, ақ, қара, көк, күлгін. Қаламның түсі қызыл. Сурет бойынша заттарды сипаттаңдар деп тапсырма беремін. 2. Мәтінмен жұмыс. Тыңдалым. Айтылым. Оқылым. 94-бет Оқулықтағы мәтінді оқытамын, қайталатамын. Сұрақтар қоямын. 3. Дәптермен жұмыс. Жазылым. 95 -бет 5-тап Берілген тапсырманы орындатамын: Жоғалған әріптерді тауып жазу Д...птер, ...шіргіш, ...алам, ...штағыш, сыз...ыш, к...тап, с...мке, қар...ндаш. 4.Сергіту сәті 5. Оқылым. Айтылым. 2тапсырма, 94-бет Сурет бойынша жұмыс жасатамын. Гүлсаяның көк дәптері бар. Ернұрдың сары қарындашы бар.	Сөздерді тыңдайды, қайталайды. Сөйлем құрастырады: Дәптердің түсі жасыл. Тыңдайды. Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Дәптердегі тапсырманы орындайды. Сергіту жаттығуын жасайды. Суреттерге қарап, оқиды: оқу құралдарын және түстерді қайталайды.
Ой толғаныс (4 мин)	3 тапсырма бойынша жұмыс Сенің сөмкең бар ма? Ол қандай түсті? Сөмкеде не бар? Сенің дәптерің қандай түсті? Сенің қаламсауытың қандай? Қаламсауытыңда не бар?	Сұрақтарға жауап береді.